

**6D011300-Биология мамандығы бойынша «философия докторы»
(PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Нургалиева Айман
Калидуллаевнаның «Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту
жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың
ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына ғылыми көнеспешінің**

ПІКІРІ

Жаңа Қазақстанды құру жағдайында жоғары педагогикалық оқу орындарында кәсіби биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастыру білім беру саласы алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі оны шешу үшін нормативті-құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Педагог мәртебесі туралы» - Қазақстан Республикасы Заңының аясында педагогтің кәсіби біліктілік деңгейі мен құзыреттілігіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарттары ғылыми, зерттеу, эксперименттік қызметті жүзеге асыруда педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу айтылған.

Осы тұста жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытуда бәсекеге қабілетті жас мамандарды дайындауда педагогикалық практиканың алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда мамандарға қойылатын талаптар жоғары педагогикалық білім беретін жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларына өзгерістер енгізуі қажет ететіндігін туғызды.

Осы айтылғандарға сәйкес А.К.Нургалиеваның жоғары педагогикалық білім беруде практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау, зерттеу жұмысының өзекті мәселесі болып отыр.

Айман Нургалиева зерттеу барысындағы ғылыми нәтиженің негізділігі зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми еңбектерге және КР БжФМ бекіткен нормативтік құжаттарға талдау жасау және оларды жүйеге келтіру барысында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқыту, педагогикалық практиканың құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктері ғылыми негізі айқындалуымен дәлелденуі. Екінші Зерттеу базасында педагогикалық білім беруді жаңғырту контекстінде биолог-студенттердің педагогикалық практикаға бағытталған кәсіби даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасақталуы. Модельде мақсат-міндеттер, құзыреттіліктер арқылы биолог студенттердің кәсіби дайын болуы, мазмұнды-технологиялық жүйеде болашақ мұғалімнің кәсіби дайындықтың компоненттері ұсынылып бағалауда критерийлер, жоғары, орташа, төмен деңгейлері және нәтиже көрсетілген. Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі «Педагогикалық практика өткізуге арналған оқу-әдістемелік нұсқаулық («Биология» профилі бойынша)» дайындалған. 3-4 курстың студенттеріне дайындалған оқу-әдістемелік нұсқаулық биология пәндерін игеруге деген ынталарын күштейтуге, пәндер бойынша білім деңгейлерінің артуына ықпал етеді.

Ұсынылып отырған диссертацияның құрылым мен мазмұны, тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай алғандығын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

А.Нургалиеваның жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес имфакт-фактор шетел басылымында, ҚР БжФМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда және шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда басылым көрген.

Тәжірибелік эксперимент жұмысының дәлелді жүргізілуі зерттеушінің зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын терең меңгергендігін аңғартады.

Нургалиева Айман Калидулаевнаның «Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғыру жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттау оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында жазылған диссертацияның дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар енбек. Докторант А.К.Нургалиева Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 8D015-Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 - Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте қорғауға лайықты деп пікір білдіремін.

**Ғылыми кеңесшісі,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
п.ғ.д., профессор**



РАСТАЙМАЙН:	Абай атындағы ҚазҰПУ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛМІНІН БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ:	НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ Колы подпись
Ж.Б.Чилдибаев	